

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Еуропадағы қалалық өркениеттің
негіздері





Кіріспе

Еуропада б.з.1000 ж. шамамен отыз миллионға жуық халқы бар болды. Бұл аймақ сегіз жүз жыл бұрынғы Рим империясымен салыстырғанда он төрт миллионға аз еді. Бұл кезде қалалар мен күшті орталықтандырылған мемлекеттер аз болған. X ғасырдың соңында батыс еуропалықтар әлеуметтік және саяси тәртіпті нығайтуға кіріспесе де, оған үміт арта бастады. Өткен екі жүзжылдықта Еуропаны талқандаған мұсылман, мажарлар мен викинг қарақшылары табан тіреп, немесе қоныс аударған, ал феодалдар болса жүздеген елді мекенде салыстырмалы тыныштықты орнатқан. 1000–1300 жж. Еуропа тұрғындарының саны отыздан елу миллионға дейін өсті.

Нарықтың өркендеуі қалалардың көбеюіне жол ашты. Осы үш жүз жылда, мысалы, Париж халқының саны оннан екі есеге дейін өсіп 200 мыңға жеткен. Жылы ауа райы, құнарлы жеріндегі Еуропа халқының өсуі бірнеше салалардан тұратын ауылшаруашылық өндірісінің өсуімен үйлесті. Жергілікті деңгейдегі саяси тұрақтылықтың өсуі егін салу мен жинау циклына кедергі жасамады. Афроеуразияның басқа бөліктерінен келген кейбір жаңа ауылшаруашылық техникалар Батыс Еуропада кеңінен таралды. Оларға төрт дөңгелекті арбалар, су күшімен жұмыс істейтін диірмендер, темір ат тағалары, жылқылар ауыр жүктерді тасуда тұншықтыруға жол бермейтін тиімді жегу түрлері кірді.

Американдық зерттеуші ғалымдар Росс Данн мен Лора Митчеллдің пайымдауынша, VIII ғасырда фермерлер, шамамен шығыс Еуропада ойлап табылған соқалардың жаңа түрін пайдалана бастады. Ол ауыр топырақты кесіп, жерді егу және суаруға қолайлы етуге мүмкіндік жасайтын болды. Бұл құрал Жерорта теңізі аймағының салыстырмалы түрде жұқа топырақтарына ғана қолайлы ескі соқалар пайдаланылмаған Еуропаның басқа бөліктерінде ауылшаруашылықпен айналысуға көмектесті. Фермерлер сондай-ақ көктемде бір алаңды егіп, күзде екіншісін егіске айналдырып, үшінші егістік қалпына келуіне мүмкіндік беру мақсатында 3 егістік айналымына көшті.

Соқаның қайырмасы

XII ғасырда Еуропалық шаруа екі өгізді соқаға шегіп, жер жыртқан. Дөңгелегі бар соқаның темір қалақшасы немесе жерді жыртатын кетпені топырақтың ішінде тігінен тұр. Темір бөлгіш арықты көлденеңінен топырақтан тазартады және топырақты алып, аударып тастау үшін соқаның қайырмасын күшпен итереді.

Бұл әдіс топырақтың сарқылуын бәсеңдетіп, егіс алқаптарының көп түрін отырғызуға мүмкіндік берді. Қытайдағы Солтүстік Атлантикалық жылу кезеңі әсеріне ұқсайтын солтүстік Еуропаға ұзақ егін егу мезгілі мен құрғақ жаздар фермерлерге өнімді арттыруға мүмкіндік берді. Скандинавияда астық егіншілері өркендеп, Ұлыбритания және Польша елдерінде жүзім шараптары өндірілді. 800–1200жж. дейін батыс Еуропада өсімдік өнімділігі екі есе өсіп, фермерлер нарыққа артық тамақ өндіре бастады. Алайда Еуропада Қытай сияқты, арналар желісін салу үшін еңбек күші де, инженерлік білімі де болмады.

Дегенмен көптеген кеме жүзетін өзендер құрлыққа қарай енуі ірі көлемде астық, ағаш, темір мен тасты төмен бағамен тасымалдауға мүмкіндік берді. Балтық теңізі, Солтүстік теңіз және Атлант жағалауы порттарында теңізшілер қатты желдерге төзімді кемелер конструкцияларын жетілдірді. Ақша Еуропада кеңінен қолданыла бастады. Көптеген монархтар мен лордтар өз монеталарын соғып, әсіресе, Византия мен мұсылман валютасы Италияда жақсы таралды.

Батыс Еуропаның екі аймағы қалалық өнеркәсіптің гүлденген орталықтарына айналды. Біреуі Фландрия, мұнда Брюгге және Гентге (қазіргі Бельгияда) экспорттау үшін жүн мата өндірілді. Солтүстік теңіздің арғы жағындағы Лондон осы фламанд қалалармен тығыз байланыста болып, оның саудагерлері ағылшын шикізат жүнін тігіншілерге жеткізіп отырды. Екінші қаланың кластері Италияның солтүстігіндегі Венеция, Генуя және Пиза Жерорта теңізі мен Солтүстік Еуропаны байланыстыратын порттар ретінде XI ғасырда дамыды.

Осы жағалаудағы қалалардың дамуы Флоренцияның, Миланның және басқа да ішкі қалалардың өсімін ынталандырып, олар өздерінің жүнін, қару-жарақ және басқа салалардағы



заттарды экспорттық нарықтарға шығаруға мүмкіндік берді. XII және XIII ғасырларда Францияның солтүстік орталық аймағындағы Шампан облысы Италия мен Солтүстік Еуропаның саудагерлерінің басты кездесу нүктелерінің бірі болды.

Шампанның ақсүйектік билеушілері төрт түрлі қалаларда жылына алты рет коммерциялық жәрмеңке өткізуге демеушілік етті. Бұл дворяндар нарықтың қауіпсіздігіне кепілдік беріп, адал сауда саттық жасауды қамтамасыз ететін және жәрмеңкеге әкелетін жолдар бойынша қауіпсіз жүріс-тұрысты қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалар тағайындады. Осы қызметке айырбас ретінде, олар саудагерлерден салық, жалға алу және басқа да төлемдерді жинады.

Сатып алушылар әсіресе азиялық киімдерді, дәмдеуіштерді, фарфор мен дәрі-дәрмекті ұнатты. Осылайша Шампан және Қытайдың жәрмеңкелері бірыңғай коммерциялық сауда желісіне қосылды.

«Панорама» оқулығының деректеріне сәйкес, XI–XIII ғасырлардағы еуропалық саясаттың тарихы өте күрделі. Себебі бір жағынан, көптеген билік иелері экономикалық өсім кезінде жер мен ресурстар үшін таласса, екінші жағынан патшалар, ханзадалар, барондар, папалар және епископтар батыс христиан әлемін қалай басқарылуы керек екендігіне әртүрлі және бір-біріне қайшы идеяларды ұстанған.

Қасиетті Рим империясының шегаралары

Бір уақытта үш ірі саяси эксперимент орын алды. Олардың біреуі – діни монархтың басшылығымен біріктірілген барлық христиандар әлемінің көрінісі. VIII және IX ғасырларда Франк империясын басқарған Король Ұлы Карл, осындай бірігуді армандаған болатын. Осыған қоса, Рим Папасы қасиетті Рим императоры атағын берген неміс патшасы Отто I-нің үміті де болды.

Оның ізбасарлары, Отто II және III, осы атауға ие болса да, билігі Орталық Еуропа мен Италияның солтүстігінен ары бармады. Одан кейінгі ұрпақтар неміс дворяндары өздерінің тәуелсіздігін бекіткен соң, ал орталық Еуропа бірнеше бәсекелес князьдықтарға бөлшектенді. Сондай-ақ, Италия мен Сицилияны басуға әскери науқанға аттанған императордың ресурстары таусылып, ақырында сәтсіздікке ұшырады. 1300 ж. қарай неміс дворяндарымен сайланатын императорлар аз ғана тәуелсіз билікке ие болса да, Қасиетті Рим империясының атауы XIX ғасырға дейін созылса керек.

Князьдық – егемен мемлекет немесе тәуелсіз аймақ, әдетте салыстырмалы түрде шағын болады, оны жоғары дәрежедегі дворяндық атағы бар тұлға басқарады. Мысалы, ханзада, ханша, герцог, герцогиния.

Шіркеу билігі

Христиан папалары еуропалық билікте екінші эксперимент жүргізді. Католиктік шіркеу дәстүрлі түрде ол тек рухани және моральдық билікке ғана емес, сонымен қатар император мен басқа да монархтар мен князьдар алдында саяси басымдыққа ие екендігін дәріптеді. Алғашқы мыңжылдықтың соңында, жоғары бөлігінде Римдегі Рим папасы және төменгі бөлігінде мыңдаған діни қызметкерлер бар шіркеу билігінің пирамидасы әлсіз екендігіне көз жеткізуге болатын.

Діни қызметкерлер жиі сауатсыз және моральдық тұрғыдан әлсіз болатын. Еуропадағы зайырлы билеушілер мен күшті аристократтық отбасылар епископтар мен ғибадатханалар басшыларын тағайындау арқылы шіркеудің шешімдеріне көп ықпал етті.

Зайырлы билеуші – христиан дәстүрінде шіркеу билігін жүзеге асырмайтын және дін қызметшісіне ықылас танытпаған монарх немесе өзге билеуші; рухани басшыға қарама-қарсы, уақытша басшы.

Олар Римнің орталық билігін қайта жаңғырту үшін шіркеу жұмысының ұйымдастырылуын қайта қарастырды. Папалар шіркеу ілімдері және әдет-ғұрыптарын стандарттап, христиан діні тәжірибесін және шіркеу әкімшілігін басқаратын канон заңын жүйеледі.



Жинақталған канон заңы – әсіресе шіркеу әкімшілігі, моральдық іс-әрекет, құлшылық ету мен сенімде маңызды дін ұстану немесе христиан шіркеуін реттейтін ережелер және заңдар коды. Олар діни қызметкерлердің моральдық және зияткерлік біліктілігін талап етті. XII ғасырда діни кеңестер діни қызметкерлердің мүшелері некеге тұрмау және Құдай мен шіркеуге толықтай бағыну ережесін бекітті.

Орталықтанған монархиялар

Биліктегі үшінші ірі эксперимент – Франция мен Англияның күшті орталықтандырылған мемлекеттер ретінде пайда болуы. Неміс егемен мемлекеттері сияқты, бұл екі ел басшылары мен Рим арасында қайта-қайта даулар туындап тұрды. Алайда олар христиан әлемін басқарудан гөрі, жақсы ұйымдасқан аймақтық монархияны құруға қызығушылық танытты. Бұл патшалар (және Англиядағы бір патшайым) аумақтарды тікелей бақылауды кеңейтіп, жергілікті аристократтық отбасылардың күшін шектеуге тырысты.

XI ғасырда Францияның солтүстігіндегі Капетинг әулетінің патшалары Франк қожайындары мен васалларының иерархиясында жоғарғы деңгейге көтерілді, бірақ тек Париж бен басқа да шашыраңқы аймақтарды басқарды.

1100 ж. кейін олар біртіндеп әскери іс-қимылдар мен саяси маневр жасау арқылы өз территориясын біртіндеп кеңейтті. Корольдік жерлердегі экономикалық өсімге байланысты, патшаның қазынасы да тола бастады. Бұл қаруланған рыцарларды, сондай-ақ, жаяу әскер жинауға мүмкіндік берді. 1300 ж. қарай Капетинг монархиясы қазіргі Франция орналасқан территорияның көпшілігін бақылап отырды.

Патшалар орталықтанған саясатқа қайшы, жергілікті саясатта өз мүдделері бар ескі ақсүйектер отбасыларына тәуелді емес және тұрақты жалақы үшін мемлекетке қызмет етуге ұмтылатын сауатты адамдардан тұратын орталық әкімшілікті қаржыландыруға тырысты.

Патша осы қызметкерлердің көпшілігін қаладағы, ақша жасаушы таптан немесе буржуазиядан бастап жинады. Қытайдың Сун әулеті дәуіріндегідей, бұл бюрократия орталық мемлекеттің күші мен қорғанысына толығымен сену идеологиясын қабылдады.

XIV ғасырдан бастап, билеушілер саяси және салық кеңестерді тыңдау үшін Париждегі лордтар, дінбасылар мен қала тұрғындарының мезгілді мәжілістерін жинап тұрды. Бас штаттар деп аталған бұл орган демократиялық заң шығарушы орган болған жоқ, бірақ ол король сарайының қоғамдағы ең ықпалды дауысы бар адамдармен әлеуметтік және саяси байланыстарын нығайтты.

Екінші күшті монархия Англияда пайда болды. 1066 жылы Нормандияның (солтүстік-батыс Франциядағы) билеушісі және француз тілінде сөйлейтін, бұрынғы Викинг басқыншылардың ұрпағы герцог Уильям Англияның Англия-Саксон патшасын тақтан құлатып, өзі отырды.

Кейінірек Уильям соғысқа қатысқан вассалдарына жаулап алынған аралдан көп жерлерді сыйлады. Алдағы бірнеше ғасырда жергілікті билікті қолға алған бұл жауынгерлік тап, англо-саксон отбасыларымен неке құрып, ағылшын тілін үйреніп, ерекше Англо-Норман элитасын құрды.

XII және XIII ғасырлардағы патшалар, әсіресе Генрих II (1154–1189), орталық билікті нығайтуды бір жағынан корольдік соттар жүйесін құру арқылы және екінші жағынан, біртұтас заңдылықты немесе жалпы құқықты дамытуды ынталандыру арқылы жүргізді. Ең қабілетті француз патшалары сияқты, шебер Англо-Норман билеушілері ірі жер иеленуші отбасылармен, христиан дінбасыларымен және өсіп келе жатқан қала буржуазиясымен прагматикалық ынтымақтастық жасады. Дегенмен патшалар мен дворяндар әрдайым шиеленіскен қатынастарда болды.

1215 жылы Англияның ұлы барондары, Францияда территориялардан айырылғаны үшін айыпталған Иоаннды Magna Carta немесе Ұлы хартияға қол қоюға мәжбүрледі. Бұл құжат ақсүйектердің патшалық билікке қарсы құқықтарын ратификациялап, монархтың салықтарға тек аристократияның келісімі арқылы қол жеткізе алатындығын белгіледі.

XIII ғасырдың соңына қарай Парламент жаңа заңдар дайындауға кірісті. Патша мен ауқатты ер адамдардың тұрақты жиналысы бар мемлекеттік жүйеге ұқсас құрылым әлемнің ешбір жерінде болмады.



Батыс христиан әлемінің басқыншылығы

Еуропаның жүрегінде ерлер мен әйелдер жаңа қала өркениетін құра бастағанда, басқа еуропалықтар – рыцарьлар, фермерлер, қолөнершілер, саудагерлер, діни қызметкерлері католик христиан әлемінің мөлшерін екі еселеуге кірісті.

Бұл кеңею бойынша еуропалық жаулап алушылар мен қоныс аударушылар түрлі топтар құрып, Христиан шегараларын үш негізгі бағытта кеңейтті: шығысқа қарай Германияның Эльба өзені мен Балтық теңізіне дейін, оңтүстік-батыста мұсылманды Испанияға дейін, оңтүстік-шығысқа қарай Жерорта теңізі бассейне дейін созылды. Бұл қозғалыстарда христиандық рыцарь-жауынгерлік топтар ауыр кавалерия, садақ және арбалет атушылар технологияларын қолданып, аумақты көбінесе христиан емес халықтардан босатты.

Жаулап алған жерлерді қорғау және дамыту үшін, рыцарлар шаруалар мен білікті қолөнершілерді, сондай-ақ, саудагерлер мен дінбасыларын христиан емес халықтарды шоқынуға ынталандырып, жер ресурстарын пайдалануға үгіттеді. Жер құштарлығы, шын мәнінде, кеңеюдің барлық үш алаңында да басты қозғаушы күш болып табылды.

Эльбадан тыс жерлерді басып алу

Эльба өзені бүгінгі Чехия мен Германиядан өтіп солтүстік-батысқа қарай 724 миль жүріп, Солтүстік теңізге құйылады. Ол XI ғасырда орталық және шығыс Еуропаның жазықтықтарында неміс, фламанд және француздық ауыр әскерлерінің жылжуына бастама болды.

Славян немесе финно-угор тілдерінде сөйлейтін (фин, эстон және венгрлер) жергілікті тұрғындар бұл жылжуға төтеп беру үшін қажетті ұйымдастыру мен қару-жарақтары болмады. Жаулаушылар бекіністер салып, жаңа қалалар жоспарлап, неміс фермерлерін қоныстануға шақырды.

XII ғасырда 200 мыңға жуық неміс шаруалары Эльбаның шығыс жағына қоныс аударып, жерді тазартып, құнарлы топырақты ауыр соқалармен өңдеді. Католик діншілдері де келіп, шіркеулер мен ғибадатханалар құрып, біртіндеп жергілікті халықтарды пұтқа табынудан бас тартқызды. Оңтүстік шығысқа қарай, бұрынғы Ішкі Еуразия даласынан келген мажарлар да христиан монархиясын құрған.

Алайда 1054 ж. католиктік православ шіркеуінен тәуелсіз папаның рухани үстемдігін беру – ресми қарым-қатынастардың ажырауынан даудың туындауына себеп болды. Содан кейін бәсекелестік күшейе түсті. Ақыр соңында, шығыс Еуропадағы діни шегара пайда болып, ол қазіргі уақытта негізінен мемлекеттік шегараға айналды. Грекия, Болгария, Румыния, Македония және Сербияның халқы православ дәстүріне негізделеді. Хорватия, Словения және Венгрия негізінен Рим-католик болып табылады.

Ибериа (Пиреней) түбегіндегі крест жорықтары

XI ғасырдың басында біртұтас Умәйя мемлекеті бірнеше бәсекелес патшалықтарға бөлінгенмен, мұсылмандар Периней түбегінің (Испания мен Португалияның) көп бөлігін басқарған.

Түбектің солтүстік-шығысында мұсылман әскерлері мен кішкентай христиан мемлекеттерінің халықтарының арасындағы соғыс үш жүз жыл бойы созылмалы болды.

1000 ж. кейін Умәйя ыдырауын мойындаған жерсіз рыцарьлар, бұл шіркеудің игілігімен оңтүстікке қарай ығысты. Бұл Перинейлік крест жорығы хронологиясы мен ынтасы жағынан христиандардың шығыс Еуропаға жорығына ұқсас – франк, фламанд, неміс, ағылшын, итальян және испан рыцарьлары өздерінің әскери дағдыларын сынап, жерді тартып алуға талпынды. Көптеген сарбаздар қарқынды дамып келе жатқан үш христиан патшалығы – Леон-Кастилия, Арагон немесе Португалияға қызмет ету үшін қол қойды.



Крак де Шевалье

Еуропалық рыцарь-госпитальерлері бұл алып бекіністі Сирияның солтүстік-батысында, XII ғасырда салды. Қорған жағалаудағы крестшіл мемлекеттердің бірі – Триполи аймағының шегарасын қорғауға көмектесті. Госпитальерлер қорғанды 1142 жылдан 1271 жылға дейін, мұсылан әскері қуып шыққанша ұстап тұрды.

Жорықтар екі негізгі кезеңде өтті. Біріншісі, 1080–1150 жж. аралығында христиан рыцарьлары мұсылман билеушілерін орталық Испаниядан қуып шыққанда орын алды. Екіншісі, 1212–1265 жж. созылып, үш ірі патшалықтардың біріккен күштері Альмахад әскерлеріне қарсы тұрып, Кордоба, Валенсия, Севилья және басқа ірі қалаларды басып алды. Тек Гибралтар бөгеті мен Гранада кішкентай патшалығында бірнеше мұсылман анклавты сақталды.

Шығыс Еуропадағы науқандарындағыдай, Испаниядағы мұсылман аумағын басып алған рыцарьлар христиан фермерлерін жаңа шегараға көшуге шақырды. Билеушілер өздерінің офицерлеріне ауылдарды құрып, христиандармен қоныстанғаны үшін марапаттап, жаңа қалаларға патшалық жарғыларын енгізді.

Алайда солтүстік Испаниядан немесе шығыс Еуропадан айырмашылығы, оңтүстік түбек христиан басқыншылары келген кезде урбандалған еді. Кейбір қалаларда жаңа билеушілер мұсылман тұрғындарын шығарып тастап, босатылған үйлерге дворяндар, ғибадатханалар мен әскер ардагерлерін орналастырды. Дегенмен миллиондаған мұсылмандар мен еврейлер жаулау кезеңінде де Испанияда өмір сүруді жалғастырды.

Леон-Кастильядің әскері Орталық Испанияны басып алғаннан кейін де Толедо және бұрынғы мұсылман қалалары мұсылман, еврей және христиан ғалымдарының грек және араб ғылыми және философиялық мәтіндерін талқылап, оларды латын тілі аудару үшін жиналатын жер болды.

Дегенмен Испанияның мәдени христианизациясы бірте-бірте мұсылмандар мен еврейлердің әртүрлі дәрежедегі қысыммен Испаниядан қашуға немесе христиандыққа көшуіне әкелді. XIV ғасырда христиан билеушілері бұл азшылықтарға қатысты қатаң діни және саяси саясатын қабылдаған кезде, бұл процесс жылдам жүрді.

Крестшілер Жерорта теңізінің шығысында

Батыс Еуропадағы крест жорықшылары 1030 жылы шығыс Жерорта теңізі бассейніне жақындауы деп, солтүстік Франциядағы Нормандиядан рыцарьлардың Италия оңтүстігіне жер іздеп келуін атайды. Сол жерден олар Сицилияны басып алып, мұсылман үкіметін қуып шықты.

1095 жылы реформатор папа Урбан II Анатолиядан өтіп, Константинопольға қарай батысқа басып келе жатқан мұсылман түріктеріне қарсы тұрып, Византия императорына көмектесуге келісті. Шын мәнісінде, Урбан II ең алдымен, еуропалық түсініктегі Иса шегеленген және қайта тірілген қала ретінде үлкен орынға ие Иерусалимді басып алуға қызығушылық танытты.

Авторлардың айтуынша, Қасиетті Жерге қаруланған жорық – католиктік қажылардың Иерусалимге қатынасын қамтамасыз етіп, жаңа саяси шегарада өздерінің табыстарын іздестіруге жерсіз рыцарьларды ынталандыру арқылы Еуропадағы саяси тұрақтылықты нығайтуға жақсы мүмкіндік болды. Сонымен қатар Рим Папасы Византияға қолдау көрсеткеніне қарамастан, католиктер мен грек православ шіркеулері ресми түрде бөлінген болатын. Крест жорығын қолдай отырып, Рим папасы исламның жүрегіне христиан дінін тарату ғана емес, сонымен қатар, грек шіркеуіне қарсы әрекет ету мүмкіндігін де көрді.

1096 ж. батыс христиан әлемінің 50 мыңнан 60 мыңға дейін адамдары, оның ішінде, 6000-нан 7000-ға дейін рыцарьлар Оңтүстік-Шығыс Еуропадан Константинопольге дейін, одан әрі Сирияға бет алды. 1099 ж. олар Иерусалимді алып, мұсылман және еврей тұрғындарын көпшілігін өлімге кесті.

Бұл науқан екі жүз жылдан астам уақытқа созылған жеті ірі крест жорықтарының алғашқысы болды. Олардың барлығы өздерінің миссиясы Қасиетті жерді жаулап алу деп жарияласа да, іс жүзінде, еуропалық рыцарьлар Жерорта теңізінің аумағындағы кез келген жерді басып алуға ұмтылды.



Испандық науқаннан айырмашылығы, шығыс крест жорығы бастапқы мақсаттарын орындамады. Еуропалықтар Оңтүстік-Батыс Азияға тереңірек еруге жеткілікті ресурстары болмады. 1187 ж. кейін Салах ал-Диннің мұсылман әскері Иерусалимді басып алған кезде крест жорықшы мемлекеттер қорғанысқа аттанды.

1291 жылы мұсылман әскерлері Сирия жағалауындағы соңғы еуропалық қорғаны Ақканы басып алды. Дегенмен шығыс крест жорықтарының ұзақмерзімді саяси және экономикалық маңызы бар. Кипр, Крит және басқа да Эгей аймақтары жүздеген жылдар бойы Батыс Еуропа елдерінде қалды.

Сонымен қатар, Испанияның оңтүстігі сияқты крест жорығы мемлекеттері, мұсылман елдерінен Батыс Еуропаға білім беру арналары ретінде қызмет етті. Мысалы, италияндық кәсіпкерлер мұсылмандардан коммерциялық нарықтар үшін қант қамысын өсіріп, өңдеуді үйренді. Бұл технологиялық жағынан күрделі диірмендерді салуды қажет ететін еді. Еуропалықтар алғаш рет крест жорықтары мемлекеттерінде қант жасау технологиясын қолданды. Сол жерден Жерорта теңізі аралдары арқылы батысқа қарай өнеркәсіп Испанияға тарады.

Қорытынды

Бірнеше өзара байланысты оқиғалар шамамен 1000 ж. Афроеуразия тарихындағы маңызды бетбұрыстық нүктесі ретінде белгілейді.

Олардың ең маңыздысы – Сун және Цзинь әулетінің астында Қытай экономикасының керемет өсуі. Қытай өз экономикасынан тыс қоғамдар қажет ететін көптеген тауарларды өндіріп, трансшегаралық коммерциялық алмасуды бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді.

Екінші маңызды өзгеріс – Еуропадағы саяси тұрақтандыру және экономикалық жаңару. Батыс Рим империясының құлдырауынан бері алғаш рет Жерорта теңізі аймағы батыс Еуропаны толығымен қамтып, өзара қарым-қатынас кеңейе түсті. Шынында да, еуропалықтар Жерорта теңізі сауда желілеріне ғана емес, одан кейінгі екі жарым ғасырда басымдыққа ие болды. Сонымен қатар, бірінші кезекте Католик шіркеуі мен латын тілінде қалыптасқан еуропалық өркениет, аумақтық түрде кеңейтіліп, рыцарьлар мен шаруалар Шығыс Еуропаға, Периней түбегіне қоныс аударып, шығыс Жерорта теңізіне жеткен.

Үшінші оқиға, орталық мұсылман елдері XI және XII ғасырларда саяси турбуленттілікке ұшырап, түркілердің басуына әкелді.

XI және XII ғасырлардағы күрделі коммерциялық және мәдени алмасулар ірі империялардың болуына байланысты болмады. Афроеуразияда, өткен ғасырлардағыға қарағанда, салыстырмалы түрде шағын мемлекеттер көбірек болды. Қытай бөлінсе, ал Оңтүстік Азия бұл кезде бөлініп қойған болды. Түрік шапқыншылары орталық мұсылман елдерін бөлшектеп, ешбір монарх немесе папа Христиандық Еуропаны саяси біріктіре алмады.